

**Алдағы келе жатқан Республикамыздың билік органдарына
(мәжіліс және мәслихаттарға) өкілдер сайлауға қатысты**

ПЕТИЦИЯ

Еліміз қай жолды таңдар екен – құлдырауға әкелетін автократияны ма әлде өркендеуге әкелетін демократияны ма – міне осыны біз алдағы сайлауда анықтауымыз керек!

2021-гі сайлау! Уақыт өзгерді: пандемия, мұнай бағасының арзандауы, халықтың тұрмысының нашарлауы, мемлекеттік бюджет тапшылығы, экономикалық дағдарыс, жаңа сын-қатерлер, саяси наразылықтың өсуі орын алуда. Дәл қазір біз таңдау алдында тұрмыз және бұл таңдау нәтижесі алдағы ондаған жылдарда біздің болашағымыздың қалай болатынын айқындайтын болады. Мәжіліс пен мәслихаттарды сайлау – келешегі кемел Қазақстанға бет бұру жолындағы игі мүмкіндігіміз! Бұл үшін төмендегілер қажет:

- сайлаудың ашық әрі әділ өтуі;
- біздің жалған үміткерлерді емес, халықтың мүддесін шынайы қорғайтын нағыз үміткерлерді сайлауымыз;
- біз берген дауыстардың бұрмалауының мәңгілікке тоқтатылуы!

**Біз өз мүмкіндігімізді жіберіп алмауымыз керек!
Тек адал және әділ сайлауды - ҚОЛДАЙМЫЗ!**

Біз, Қазақстан халқы, осы петицияға қол қою арқылы төмендегілерді талап етеміз:

1. Заңнамалық деңгейде онлайн (интернет) және аралас дауыс беруге тыйым салу. Өткен праймериз мұндай сайлау жүйесінің қаншалықты ашық емес екенін көрсетті. Біздің цифрландыру жүйеміз техникалық жағынан да, заң тұрғысынан да дауыс берудің мұндай түріне дайын емес. ҚР Конституциясында және «Сайлау туралы» заңның электрондық дауыс беру туралы баптарында интернет арқылы дауыс беру жүйесі қарастырылмаған. Біздің заңнама заңда қарастырылмаған және дауыс беру құпиясы бұзылған өзге дауыс беру түрін қолдануға тыйым салады. Сондықтан осы сайлауда біз тек бетпе-бет дауыс беруді талап етеміз.
2. COVID19 карантин жағдайында қандай да бір сайлау өткізуге тыйым салу.
3. Сайлауды Ұлыбритания, Сербия, Оңтүстік Корея және басқа да елдердің (58 ел) үлгісі бойынша постковидтік кезеңге ауыстыру.
4. Дауыс беру қорытындыларының ашықтығын арттыратын тәуелсіз exit poll (сайлау учаскелерінен шығу кезінде дауыс бергендерге тәуелсіз сауалнама жүргізу) жүргізуге рұқсат ету;
5. Сайлау бюллетеніне «Барлығына қарсымын» тармағын енгізу;
6. Орталық Сайлау Комиссиясы құрылымына деген сенімді арттыру үшін сайлау комиссияларына азаматтық қоғам өкілдерін қосу;
7. ОСК басшысымен сайлауға қатысатын партия басшысы арасында ешқандай қатынас бола алмайтындықтан ОСК басшысын өзгерту;
8. Алдағы сайлауға дейін саяси қызметті формальды түрде ғана өзгертетін емес, шынайы саяси бәсекелестікке жол ашатын барлық сайлау нормативтік - құқықтық актілерін әзірлеу және қабылдау.

Қолыңызды қойыңыз және әрқайсымыздың жеке дамуымыз бен ортақ отанымыз Қазақстанымыздың өркендеу жолына түсуі үшін петицияны таратыңыз!

Қазақстан шынайы демократия еліне айналуы тиіс!

Біз, Қазақстан халқы, Конституцияның үстемдігін сақтауды талап ете отырып (4-б.), өзіміздің сайлау және сайлануға қатысты (ҚР Конституциясы, 33-бап) Конституциялық құқымызды, сондай-ақ оларды Конституцияның 32-бабына сәйкес жария формалармен қорғауға дайын екенімізді мәлімдейміз.

07/10/2020